



Автор: Шниязова Гулдариға Муратбековна

Пән: Әдебиеттік оқу

Сынып: 4-сынып

Бөлім: Қоршаған ортаны қорғау

Тақырып: Табиғатты зерттейміз

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	4.2.1.2* Шығарманы іштей көз жүгіртіп, шолып, түртіп алып, сұрақтар қоя отырып, қажетті ақпаратты тауып, белгі қойып оқу, талдау жасап оқу, сын тұрғысынан бағалап оқу 4.2.6.1 Кейіпкердің, кейіпкерлердің іс-әрекеті, мінез-құлқының өзгеру себептерін мәтіннен тауып, салыстырып бағалау
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар: Тақырыпқа қатысты ой бөлісе отырып, мәтінді сын тұрғысынан бағалап оқиды. Мәтін кейіпкерлерінің іс-әрекетіне баға беріп, дәлелдермен негіздейді. Мәтінге жаңа сюжет енгізеді. Оқушылардың басым бөлігі: Табиғат пен құстар тіршілігінің тығыз байланысын дәлелдеу бағытында мәліметтер жинақтайды. Кейбір оқушылар: Тақырыпты өз өмірлерімен байланыстырып, қорытынды шығарады.
Тілдік мақсаттар:	Тілдік дағдылар.Терминология. Сөз тіркестері: Экспедиция, геологтар
Күтілетін нәтиже:	Мәтінге жаңа сюжет енгізеді.
Бағалау критерийлері:	Мәтінді сын тұрғысынан бағалап оқиды. Кейіпкердің іс-әрекетін бағалайды.
Құндылықтарды дарыту:	Адамгершілік, еңбекқорлық
АКТ-ны қолдану дағдылары:	Электронды тапсырмалар.
Пәнаралық байланыс:	жаратылыстану.
Бастапқы білім:	Құстар тіршілігі жайлы біледі.

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың басы	(Ұ) Психологиялық дайындық. Әрбір адам-туысым, досым, жұрағат! Әрбір сабақ-үйрену.ұғу, ұлағат! Әрбір ісің-тірлік,тірек, адамдық! Әрбір сөзің-шыңдық, бірлік, адалдық!-деп әрқашан адал ,еңбекқор , білімді болайық деп сабағымызды бастаймыз Үй тапсырмасын сұрау. «Адам өміріндегі баспананың маңызы қандай? Баспананың қандай түрлерін білесің? сынып қабырғасына ілінген құстардың суреттері бойынша сол құстардың аттарын атау Дескрипторы: 1. Құстардың аттарын атайды. 2. Қай жерді мекендейтіндігін айтады. ҚБ: Бірін-бірі бағалау Оқу мақсатын таныстыру Күтілетін нәтижені анықтау	

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Сабақтың ортасы	Мәтінді «Түртіп алу» әдісімен оқы. «Жаңа сөздер сандығы» айдары Сәкі – ағаштан жасалған отырғыш Ойлан Құстардың ұя салуын табиғат құбылысымен қалай байланыстыраредің? Темір үшін не нәрсе жұмбақ болып қалды? Тыңда «Құс ұясы» мәтінін тыңда. Сен қай құстың ұясын көрдің? Дескрипторы: Мәтін мазмұнын түсініп тыңдайды. Сұрақтарға жауап береді. ҚБ: Бірін-бірі бағалау Дәптермен жұмыс (ЖЖ) Темірдің бозторғайдың жұмыртқасын қозғамақ болғаны дұрыс немесе дұрыс емес екенін анықтап, Темірдің әрекетін бағала Дескрипторы: 1. Пікірге қатысты өз көзқарасын білдіреді. 2. Темірдің әрекетін баға береді. ҚБ:«Басбармақ» әдісі бойынша «Қорытындыла» айдары «Бозторғайдың мінезінен қандай қорытынды шығардың? Жер қойнауын, өсімдіктерді зерттеу не үшін қажет деп ойлайсың?» ҚБ:«Отшашу» әдісі	Тапсырма ны орындаған оқушыны мадақтау,толықтыру жасау, тиімді кері байланыс орнату.
Сабақтың соңы	Кері байланыс. Ауызша. Бүгінгі сабақта не үйрендің? Сабақтағы қай тапсырма сен үшін қызықты болды?	
Рефлексия	Рефлексия. Бүгінгі мақсатым балаларға бірлесіп жұмыс істеуге берілген тапсырмаларға өз ойын бүкпесіз жеткізіп үйрету болатын. Олар өз ойларын жеткізді. Үй тапсырмасы:Ғаламтордан таңдаған құстың ұя салуы туралы ақпарат дайында.	